

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Жаңа конституциялық-құқықтық жүйені құру – егемен мемлекеттің қалыптасуының заңды процесі болып табылады. Оның жетілдірілуі демократияны, құқықты дамытудың және заңдылықты нығайтудың ең бір өзекті мәселесі. Конституция – мемлекеттің құқықтық жүйесінің өзегі, халық пен биліктің қарым-қатынасын айқындайтын басты құжат. Ол мемлекет өмірінің негізгі бастаулары – мемлекеттің құрылысын, саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінің негіздерін бекітетін, адамның қоғамдағы орнын айқындайтын темірқазықтай.



Атап өтерлігі, Конституция қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін бекітті. Қазақ жерінің байырғы халқының тілі болып табылатын тілдің болашағы үшін, ол халықтың мәдениетінің дамуы үшін ері мемлекеттілікті нығайту және Қазақстан халқының бірлігін бекемдей түсу үшін мемлекеттік тіл мәртебесінің конституциялық тұрғыда бекітілуінің маңызы зор болды. Сондай-ақ Конституцияда жалпымен мойындалған, жалпыға танылған өзге де бірқатар демократиялық құқықтық идеялар мен қағидалар бекітілді.

ҚР Конституциясы саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың, еліміздің құқықтық кеністігінде терең өзгерістер жасаудың заңды нәтижесі болып табылды. Ол еліміздің экономикалық, әлеуметтік салада табыстарға жетуіне, қоғамда саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сол арқылы қазақстандық әрбір азаматының әл-ауқатының артуы мен өмір сүру стандарттарының өсуіне ағынаптар түзді. Ең бастысы, Ата Заң Қазақстанның демократиялық дамуында жаңа кезеңге сеніммен нық аяқ басуына берік тұрар жасап берді.

Әңірім ЖАРБОЛОВА,

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және акциялық құқықты
кафедрасының доценті*

Жалпы, Қазақстан тарихында еліміздің Ата заңы бес рет қабылданған болатын. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін екі рет 1993 жылы 28 қаңтарда және 1995 жылы 30 тамызда Ата Заңын қабылдады. Бұл екеуінің алдыңғылардан елеулі айырмашылығы – тұңғыш рет мемлекеттік тәуелсіздікті, шынайы егемендікті және Қазақстан халқының толық билігін бекітті ері ары қарай орнықтырды. 1995 жылы 30 тамыздағы Конституция сонғы, бесінші Ата заң болып табылады. Оның қабылданғанына быыл 22 жыл толып отыр.

Республикамыздың 1993 жылғы, әрекет етуші 1995 жылғы Конституциялары да мені бойынша еліміздің тоталитарлық жүйеден демократиялық жүйеге көшуінде өтпелі кезеңнің Конституциялары ретінде танылады. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум арқылы қабылданған ҚР Конституциясы тәуелсіз егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашты. 1993 жылғы Конституциямен

шешілмеген өзекті мәселелердің орын алуына байланысты қабылданған бұл құжат мемлекеттік билік пен қоғамдық жүйенің жетекші қағидаларын айқындады, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айшықтады. Оның нормалары Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде таныта отырып, мемлекеттің менің, негізгі қасиеттерін сипаттайды, халықтың мәртебесін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып табылатындығын

білдіретін билікті жүзеге асырудың негізгі қағидаларын, республикада қолданылатын құқықтық, саяси, экономикалық жүйелерді, республиканың сыртқы саясатының басты бағыттарын көрсетеді.

Конституциялық ережеге сәйкес, республикада адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып танылады. Бұл адамзат қоғамымен және мемлекетпен жасалған барлық құндылықтардың ішінде нақ адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекет үшін ең қымбат құндылық екендігін білдіреді.